

Әлеуметтік педагогтың 2025–2026 оқу жылының

I жартыжылдық есебі

Мектеп: Шәкәрім атындағы ЖББМ

Әлеуметтік педагог: Саулебекова А.Е

Есеп беру кезеңі: қыркүйек – желтоқсан

I. Әлеуметтік паспорттау жұмыстары

2025–2026 оқу жылының басында сыныптар бойынша оқушылардың әлеуметтік жағдайын анықтау мақсатында зерттеу жұмыстары жүргізілді. Зерттеу қорытындысы бойынша мектептің әлеуметтік паспорты жасалып, төмендегі санаттағы оқушылар тізімі анықталды:

жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылар;

көпбалалы отбасынан шыққан оқушылар;

тұрмысы төмен отбасынан шыққан оқушылар;

толық емес отбасындағы оқушылар;

мүмкіндігі шектеулі оқушылар;

өгей ата-анамен тұратын оқушылар.

Барлық деректер әлеуметтік педагогтың жеке папкасында және мектептің әлеуметтік паспортында тіркелді.

«Мектепке жол» республикалық акциясы аясында әлеуметтік көмекке мұқтаж отбасылар анықталып, оқушылар оқу құралдары және киім-кешекпен қамтамасыз етілді. Демеушілер тарапынан көрсетілген қайырымдылық көмектер ұйымдастырылып, мектеп әкімшілігімен бірлесіп ыстық тамақпен қамту жұмыстары жүргізілді.

Ата-аналар жиналыстарында әлеуметтік көмек түрлері туралы ақпарат беріліп, қажетті құжаттар жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

II. Балалық шақтың құқығын қорғау бағытындағы жұмыстар

Жыл бойы жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылармен тұрақты байланыс орнатылып, олардың әлеуметтік жағдайы бақылауда ұсталды.

Қазан айында 5–7 сынып оқушылары арасында «Оқушының құқықтары мен міндеттері» тақырыбында сауалнама жүргізіліп, нәтижесінде оқушылардың құқықтық сауаттылығы орташа деңгейде екені анықталды. Осыған байланысты қосымша түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылды.

Қазан айында «Профилактикалық кеңес беру» тақырыбында дөңгелек үстел өткізіліп, оқушылардың тәртіп, жауапкершілік және қауіпсіздік мәселелері талқыланды. Қараша айында 9–11 сынып оқушыларына «Шылым шегудің зияны» тақырыбында мектеп психологымен бірлескен әңгіме-сабақ өткізілді. Желтоқсан айында 5 сынып оқушыларына «Бала құқығы – адам құқығы» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Сонымен қатар, әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан балалар жаңа жылдық шыршаға қатыстырылып, сыйлықтармен қамтамасыз етілді.

III. Қорытынды

I жартыжылдықта әлеуметтік осал топтағы оқушыларға қолдау көрсету, олардың құқықтарын қорғау, әлеуметтік бейімделуіне жағдай жасау бағытында жоспарлы жұмыстар жүргізілді. Мектеп әкімшілігімен, сынып жетекшілерімен және ата-аналармен бірлескен іс-шаралар арқылы оқушылардың әлеуметтік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жағдай жасалды.

Алдағы уақытта да әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушылармен жеке жұмыстарды жалғастыру, құқықтық және профилактикалық бағыттағы іс-шараларды күшейту жоспарлануда.